

ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

тақырыбы: «Күздік бидай егістігін зиянкестерден биологиялық қорғау»

бағыты: «Дәнді, майлы және жемшөп дақылдары»

Өткізу күні: 15-20 шілде 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Қазыбек би ауылдық округі, Ә.Оспанов ауылы

«Есентай» ШҚ-ның жетекшісі

Алпысбаев А.С.



Эксперт:

Мухамадиев Н.С., б.ғ.к.


(қолы)

«Ж. Жиёмбаев атындағы
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС
Басқарма төрағасы

Дуйсембеков Б.А.



Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер; Күздік бидай егістігін зиянкестерден биологиялық қорғау шаралары

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары; Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруде экологияландырудың негізі принципі зиянкестер популяцияларымен күресу үшін биологиялық агенттер мен препараттарды қолдану, сондай-ақ агробиоценооздардағы биоценоздық байланыстарға әсер ететін әдістерді пайдалану болып табылады.

Соңғы жылдары күздік бидай зиянкестерімен жағдай айтарлықтай қиындады. Дақылда сорғыш зиянкестердің кешені қалыптасты, ол бірнеше доминантты түрлерден тұрады, олар әр жыл сайын вегетативті масса өсуі мен репродуктивті сфераның қалыптасу кезеңдерінде егістерде дамиды.

Қазіргі уақытта осы фитофагтардың саны мен зияндылығының артуымен қатар, зиянды бақашық қандаланың, бидай егеуіштерінің және бидай бітелерінің түрлік ареалдарының кеңеюі де байқалады.

Бұл зиянкестердің санының артуына күздік бидайда фосфорорганикалық препараттар мен пиретроидтарды үлкен алаңдарда ұзақ уақыт және бақылаусыз қолдану да әсер етеді, олардың тиімділігі қатты төмендеп, 45,5-60%-ға дейін азайған, бұл олардың резистенттілігінің дамуына байланысты.

Жалпы күздік бидай зиянкестеріне мониторинг жүргізу бойынша төмендегідей кеңестер берілді:

Зиянкестер (зиянды бақашық қандала, астықтың сүлікше қоңызы, астықтың барылдауық қоңызы, астық қоңызы, қабыршаққанаттылардың жұмыртқалары мен жұлдызқұрттары) 0,25 м² алаңдарында есепке алынды. Кішігірім және секіретін жәндіктерді дәл сол пробалар саны бойынша Петлюк қорабы арқылы есептеді, ол марлямен қапталған және төменгі жағы 50 x 50 см болатын топыраққа орналастырылды. Тұқымдық дақылдарда зиянкестердің санын өлшеу қатарлардың 25-100 см ұзындығындағы сегменттерінде жүргізілді, кейін 1 м² алаңға қайта есептелді. Бұл үшін 20 сынама алынды, әрбірінде 5 өсімдік немесе 10 сынама, әрқайсысында 10 өсімдік, олар егіс алқабының қиылысатын диагональдарына орналастырылды.

Ұсақ зиянкестер мен кенелердің егіс алқабындағы санын екі көрсеткішпен анықталды: зақымданған өсімдіктердің пайызы және зақымдану баллы. Зақымдануды 3 балдық шкала бойынша сипаттайды: 1 балл – әлсіз зақымдану (өсімдікте жеке даралар кездеседі, олар колониялар құрмайды және жапырақ бетінің 25%-дан азын зақымдайды); 2 балл – орташа зақымдану (өсімдікте 1-2 колония кездеседі, олар жапырақ бетінің 26-50%-ын зақымдайды); 3 балл – күшті зақымдану (өсімдікте 2-ден көп колония кездеседі, олар жапырақ бетінің 50%-дан астамын зақымдайды). Қажет

болған жағдайда кіші жәндіктер мен кенелерді зертханадағы бинокулярлы микроскоп арқылы есептеді.

Жасырын сабақ зиянкестерін есепке алу өсімдіктердің ішіндегі зиянкестер үшін қолданылады. Ол үшін сынамалық өсімдіктер немесе олардың бөліктері (бұтақтар, сабақтар) тексеріліп, зиянкестер мен олардың зақымдау іздері саналды. Әдетте 10 сынама алынып, әрқайсысының ауданы 0,25 м² болды.

Ашық жерде өмір сүретін, бірақ жоғары қозғалғыштығы немесе өте жоғары саны немесе шөптердің қалыңдығы себебінен визуалды есептеуге қолжетімсіз зиянкестерді есепке алу үшін энтомологиялық сетканы пайдаланып шөп шабу жүргізілді. Бір сынама ретінде үздіксіз 10-20 рет сілкі есептелді.

Саны ЭЗШ-не жақындаған немесе жеткен бидай егістігінің зиянкестерімен күресу шаралары бойынша ҰҰА пайдалану арқылы биологиялық препараттар Актарофит 1,8, 0,9 л/га + Фитоспорин-М, 0,5 л/га + Экстрасол, 1,5 л/га препараттарымен бүрку ұсынылды.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б. Күздік бидай егістігінің зиянкестерімен күресу шаралары бойынша ҰҰА пайдалану арқылы биологиялық препараттар Актарофит 1,8, 0,9 л/га + Фитоспорин-М, 0,5 л/га + Экстрасол, 1,5 л/га препараттарымен бүрку нәтижесінде биологиялық тиімділік – 90,0-96,0% болды.

4) Кеңес беру фотосуреті

